

«6D060700 - Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Жайлыбаева Таке Муратовнаның «Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқына ғылыми көңесшісінің

ПКІРІ

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде «Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына талдау» тақырыбындың өзектілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, теориялық негіздері, зерттеу көздері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетілген. Қазақстан шекарасындағы Қырғыз Алатауының батыс бөлігі флорасына егжей-төгжейлі флористикалық талдау жасалынып, сонымен қатар зерттеу тақырыбы бойынша барлық қолда бар әдебиет деректерін синтездеу негізінде зерттелген аймактың флорасын түр, туыс, тұқымдасқа бөліп, анықтады. Диссертациялық жұмыс қазіргі таңда өзекті мәселелердің қатарында. Жұмыс кіріспеден, теориялық, практикалық және тәжірибелік бөліктерден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құрылған. Барлық бөліктер логикалық тұрғыдан бірізді және диссертацияның тақырыбына сай. *Жұмыстың негізгі бөлімінде Қырғыз Алатауының батыс бөлігі флорасының зерттеу тарихы келтірілген.* Ғылыми басылымдардағы мәліметтер талданып, Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына жалпы сипаттама берілген.

Материалдар мен зерттеу әдістері бөлімінде экспедициялық, далалық жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес жүргізілген.

Зерттеу жұмысының негізгі әдісі маршруттық-барлау әдісі болды. Қырғыз Алатауының батыс бөлігін қамтитын 9 экспедициялық бағыт жасалынды. Дала жұмыстарының нәтижесінде флора түрлерінің гербарий үлгілері жиналдып, Биология кафедрасының гербарий қорына өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылауда диссертант Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына жалпы сипаттама берген. Түр құрамы, экологиясы және жекелеген түрлердің өнір шегінде таралуы, зерттелген флора құрамында көптеген теориялық қызығушылық тудыратын эндемикті, субэндемикті және сирек кездесетін өсімдіктер түрлері анықталды. Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасы үшін мұндай түрлер талданып және анықталып, олардың таралуы мен қазіргі жағдайы зерттелді.

Флораның таксономиялық, географиялық, экологиялық, биоморфологиялық аспекттері бойынша талдау жүргізіліп, флораның басқа өнірлер флорасымен ареалдарының типтерін және олардың географиялық байланыстары анықталды.

Корытынды бөлімінде диссертант тақырып бойынша шетелдік, отандық ғалым-ботаниктердің еңбектеріне теориялық, әдістемелік, әдіснамалық түрғыда қарастырып өз жиналған материалдарымен салыстырған. Зерттеу жұмысының түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде еткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігі, Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлығы 10 жарияланым. Оның ішінде: - 2 мақала Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған, - 1 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарында жарияланған, - 7 мақала халықаралық және республикалық - ғылыми семинарлар мен конференциялардың материалдарында жарияланған. Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

Диссертациялық жұмыс үлкен шығармашылық ізденіспен орындалған, зерттеу жұмысының нәтижесі тиенақты, ал диссиденттант алдына қойған мақсатын жаңа, әрі тиімді әдістерді қолдану арқылы өздігінен орынданай білетін, маман ретінде жоғары біліктілігін және терең білімділігін көрсете білді. Сондықтан, доктарант алдына қойылған мақсатты орынданай алды және диссертацияны талапқа сай рәсімдеп, ұсынды, аталған жұмыс реңдерге қорғауға дайын деген пікір білдіремін.

Диссидентттың зерттеу жұмысын жазу барысындағы жауапкершілігі, ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары бірбірімен үйлесімді түрде баяндалғанын көруге болады.

Т.М. Жайлыбаевың «Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына талдау» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін және 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабактас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 - Биология) бағыттары бойынша философия докторы (PhD) дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте «6D060700- Биология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының PhD доктор дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
б.ғ.к., доцент

